Шардара ауданының білім бөлімі
«Шардара» мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бұйрық № 109А

Шардара қаласы 02.09.2025 ж.

«Педагог-тағылымдамашыға»
тәлімгер тағайындау туралы

Жас маманды «педагог-тағылымдамашы» лауазымына қабылдау және педагог-тәлімгер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына» және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығының «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Жас маман Ибадулла Сандуғашқа 2025 жылғы «2» қыркүйектен бастап математика пәні мұғалімі бойынша 1 (бір) оқу жылы мерзіміне «педагог-тағылымдамашы» санаты бекітілсін;
2. «педагог-тағылымдамашы» Ибадулла Сандуғашқа математика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Зейнеханова Гулшат Амангельдиевна педагог-тәлімгер болып бекітілсін;
3. Мектептің бас есепшісі Р. Меңлібаев Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес педагог-тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін ай сайынғы белгіленген қосымша ақының 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап төленуі қамтамасыз етілсін;;
4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың ғылыми – әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары К. Телеубергеноваға жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет

Шымкент университеті

(жоғары оқу орнының толық атауы)

Аттестаттау комиссиясының 2023 жылғы « 2 »
06 шешімімен (№ 5 хаттама)

Ибадулла Сандуғаш Асылбекқызына

(тегі, аты, кесінің аты (ол болған жағдайда))

7М01501-Математика

(мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы)

мамандығы
және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша
педагогика ғылымдарының

МАГИСТРІ
дәрежесі берілді

Бағыты ғылыми-педагогикалық

(ғылыми-педагогтік және бейіндік)

Басшы

М.О.

2023 жылғы « 16 » маусым

Шымкент қ.

MD № 00024084932

Тіркеу нөмірі 0619

Решением Аттестационной комиссии
Шымкентского университета

(полное наименование высшего учебного заведения)

от « 2 » 06 2023 года (протокол № 5)

Ибадулла Сандуғаш Асылбекқызы

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присуждена степень
МАГИСТР
педагогических наук
по специальности и (или) образовательной программе
7М01501-Математика

(код и наименование специальности и (или) образовательной программы)

Направление научно-педагогическое

(научно-педагогическое или профильное)

By the Decision of the Attestation Commission
of Shymkent University

(name of the higher education institution)

Ibadulla Sandugash was

(graduate's full name)

awarded the degree of MASTER on the specialty and (or)
educational program pedagogical sciences
7M01501-Mathematics

(code and name of the specialty and (or) educational program)

Type of program scientific-pedagogical

(scientific-pedagogical or specialized)

Date « 2 » 06 2023

MD № 00024084932

« 16 » июня 2023 года г. Шымкент

ДИПЛОМ

DIPLOMA

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Решением Аттестационной комиссии
от « 15 » июня 2021 года (протокол № 56)

ИБАДУЛЛА САНДУҒАШ АСЫЛБЕКҚЫЗЫ

присуждена степень **БАКАЛАВР**

естествознания

ПО СПЕЦИАЛЬНОСТИ/ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

5В060100 — Математика

ФОРМА ОБУЧЕНИЯ дневная

Председатель Правления – Ректор Ж.К. Туймебаев

М.П.

« 1 » июля 2021 года
г. Алматы

Регистрационный номер
3037

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

By the Decision of the Attestation
Commission from « 15 » June 2021 (protocol № 56)

IBADULLA SANDUGASH

was awarded the degree of **BACHELOR**

of Natural Science

ON THE SPECIALTY/EDUCATIONAL PROGRAM

5B060100 — Mathematics

FORM OF TRAINING full-time

BD 00015654559

Date « 1 » July 2021
Almaty

ARQA

Түркістан облысы
Шардара қаласы
«Шардара» мектеп-лицейі

КЕЛІСЕМІН :
Оқу ісі жөніндегі орынбасары:
Э.О.Кулиева

БЕКІТЕМІН:
мектеп-лицей директоры:
Д.Ә.Құлмаханбет

ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Тәлімгер : Г.А.Зейнеханова

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

Қ. А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясының 31 тамыз 2023 жылғы жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау туралы 2023-2024 оқу жылында жас мамандарға жылдық жоспарларын жазуға, дидактикалық материалдарды дайындауға әдістемелік көмек көрсетуге тәлімгерлер тағайындалынды. Бұл жоспар Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі **№ 130 бұйрығына** , оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17- наурыздағы **№ 68 бұйрығына** Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы негізделіп құрылды.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі **№ 160 бұйрығы** Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидалары және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және орта білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті ұйымдастыру және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге талаптар белгілеу тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі;

2) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Мақсаты :
Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері :
- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
-жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
-жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
-үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:
-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс;
-мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
-жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
-сабақты ұйымдастыруға көмек;

Жас маман туралы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ибадулла Сандуғаш Асылбекқызы
Туған жылы	21.09.2000ж
Білімі	жоғары
Қандай оқу орнын бітірді	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Оқу орнын бітірген жылы	Алматы,2021жыл
Қандай оқу орнын бітірді	Шымкент университеті
Оқу орнын бітірген жылы	Шымкент, 2023ж
Дипломы бойынша мамандығы	Математика пәнінің мұғалімі
Лауазымы	Магистр
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	6,7,11 -сыныптар
Сынып жетекшілігі	Жоқ
Біліктілік санаты	жоқ

Педагог-тәлімгер туралы мәліметтер

Аты-жөні	Зейнеханова Гульшат Амангельдиевна
Білімі	Жоғары
Қандай оқу орнын бітірді	Қазақтың Қыздар Педагогтік Институты
Оқу орнын бітірген жылы	Алматы, 1994 жыл
Дипломы бойынша мамандығы	Математика, информатика және физика пәнінің мұғалімі
Педагогикалық өтілі	31 жыл
Лауазымы	Әдіс бірлестік жетекшісі
Тәлімгер жұмыс істейтін сыныптары	9,10- сыныптар
Біліктілік санаты	Педагог – зерттеуші
Жұмыс жоспары	жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру
Міндеттері	- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау; -жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету; -жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау; -үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.
Жұмыстың негізгі бағыттары	-жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамаен жұмыс; -мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек; -жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру; -сабақты ұйымдастыруға көмек; -болжау жұмысарын жасауға және талдауға көмек; -өзара сабаққа қатысу.
Қорытынды	Жас маманның педагогикалық қызметін бағалау. Жүргізілген жұмыс туралы бірлескен есеп

Тәлімгерлікті іске асыратын педагогтің қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және оның мазмұны бойынша іс-шаралар

Р/н	Жұмыс мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
I	**Кіріспе**		
1	Педагогтің кәсіби дайындық деңгейін анықтау	Әңгімелесу, сауалнама өткізу	Қаңтар 1-10
2	Жеке қажеттіліктерін анықтау бойынша диагностика жүргізу	Диагностика	Қаңтар 10-15
3	Тәлімгерлік жоспарын құру	жоспарды бекіту	Қаңтар
II	**Негізгі. Кәсіби даму және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу**		
1	Ұйымдастыру жұмыстары: 1) Жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс 2)Мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек	Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс дағдысы	Қаңтар
2	КТЖ, ҚМЖ басқа да жоспар түрлерін құруға әдістемелік көмек көрсету	Дұрыс құрылған жоспарлар	Қаңтар
3	БЖБ және ТЖБ кестелерін құруға әдістемелік көмек беру	БЖБ, ТЖБ	Жоспарға сай жыл бойы
4	Ашық сабақтар жоспарлауға әдістемелік көмек беру	Дұрыс құрылған, кезеңдері сақталған сабақ	Ашық сабақтар кестесіне сай
5	Kundelik,OnlainMektep платформаларымен жұмыс «Жас маман» мектебінің жұмысына қатысу	толтыру	Жыл бойы Үнемі
6	Мектепішілік, аудандық, облыстық байқаулар	Семинарларға, байқау, олимпиада	Жыл бойы
7	Өзара сабақтарға қатысу жұмыстарын ұйымдастыру	Сабақты талдау жұмысы	Жыл бойы
8	Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту арқылы шығармашылық қабілетін шыңдау	дөңгелек үстел	Ақпан
9	«Жас маманның негізгі қиыншылықтары»	дөңгелек үстел	Наурыз
10	Материалдарды жинақтап, папка жинақтауға әдістемелік көмек көрсету	Материалдар қоры	Жыл бойы
11	Қорытынды және аралық бақылау жұмыстарын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету	Тест, талдау жұмыстары	Жыл бойы
III	**Қорытынды**		
12	Жылдық жұмыс қорытындысы туралы есеп дайындауға әдістемелік көмек беру	Анықтама	Мамыр

Тәлімгердің жұмыс жоспар

Тәлімгер: Зейнеханова Гульшат Амангельдиевна
Жас маман: Ибадулла Сандуғаш Асылбекқызы
2025-2026 оқу жылы

№ қ/с	*Жоспарланған іс-шара*	*Мерзімі*	*Дайындалатын құжат түрі*	*Тәлімгердің орындалу барысына қойған белгісі*
1.	-Жас маманға бекітіліп берілген сыныптарының ұзақ мерзімді жоспарын құруға көмек беру; - Күнделік.кз толтырылуын түсіндіру, қосымша және үйірме сабақтарының жүргізілуімен таныстыру	қыркүйек	Ұзақ мерзімді жоспар Журнал толтыру ережесімен таныстыру	
2.	- Өзін-өзі дамыту тақырыбын анықтау; - Оқу- әдістемелік,дидактикалық тапсырмалар дайындау; - Пән кабинетін жабдықтауға көмектесу; - Оқушының күнделігімен және дәптерімен қалай жұмыс істеу керектігін.Дәптермен күнделікке қойылатын жалпы талаппен таныстыру	қазан	Оқу-әдістемелік,дидактикалық тапсырмалар тізімі Кабинет паспорты Күнделік және дәптер еүргізу ережесі	
3.	- Әдістемелік бірлестік отырысына қатысу; - Оқушыларды пән олимпиадасына және конкурстарға дайындау әдістемесімен талқылау - Интернет рессурстанынан өзіндік дамуға әдебиеттер қолдану - Біліктілік санатын көтеретін аттестация ережелерімен таныстыру	қараша	ӘБ хаттамасы Әдебиеттер тізімі Аттестация ережесі	
4.	-Сабақтан тыс оқушылармен өткізілетін іс шаралар мәселелерін талқылау - Пән бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына оқушылардың қатысуын зерделеу - І жарты жылдық жұмысын қорытындылау	желтоқсан	Ұсыныстар дайындау Оқушылардың ғылыми зерттеу жұмысына қатысуы І жарты жылдық	

			есебі	
5.	- ӘБ отырысына қатысу - Оқу процессі барысында озық технологияларды қолдану жолдары	қаңтар	ӘБ хаттамасы Озық техрологияларды қолдану видеосын көру	
6.	-Педагогтың портфолио жүргізу ережесі - Портфолио жүргізу құрылысымен таныстыру -Портфолио материалдарын бағалау шкаласы	ақпан	Портфолио	
7.	- ӘБ жиналысына қатысу(өзін-өзін дамыту жайлы есеп беру) - Оқушылармен пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың өткізілуі	наурыз	ӘБ хаттамасы Презентация Іс-шара жоспары	
8.	- «Сабақты зерделеу.Сабақты зерделеу түрлері» ережелері - Педагогикалық қарым-қатынас түрлері(авторитарлы,демократилыт.б) таныстыру	сәуір	Ереже Педагогикалық қарым-қатынастарға мысалдар келтіру	
9.	- Атқарылған жұмыстарға жас маман есебі - Келесі оқу жылында жас маманның өзін –өзі дамытуына көмек түрін анықтау ,бағыт –бағдар беру	мамыр	Тәлімгердің атқарылған жұмыстарға жазған есебі және қорытындысы	
10.	Мектеп-лицейдің тәжірибелі мандарының сабақтарына қатысу,методикалық әдебиеттермен танысу,шығармашылық топ жұмысына қатысу,сабақ жоспарын бірлесіп жоспарлау,өзін толғандыратын сұрақтар бойынша психологтан,тәлімгерден,мектеп-лицей әкімшілігінен көмек алу	Жыл бойы	ІІ жарты жылдық есебі	

Педагог-тағылымдамашының қорытынды аналитикалық есебі

2025-2026 оқу жылы

- **А.Ә.Т.:** Ибадулла Сандуғаш Асылбекқызы
- **Лауазымы/Пәні:** Математика пәні мұғалімі
- **Тәлімгері:** Зейнеханова Гулышат

1. **Кіріспе:**

2025-2026 оқу жылында алдыма қойылған негізгі мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың білім сапасын арттыру, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану және кәсіби құзыреттілігімді жетілдіру басты назарда болды.

Жыл бойы педагогикалық қызметімді нормативтік және әдістемелік талаптарға сәйкес ұйымдастырып, тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу, өз сабақтарымды талдау және кәсіби ізденіс жұмыстарын жүргізу арқылы педагогикалық тәжірибемді жетілдіруге тырыстым.

2. **Нормативтік және әдістемелік құжаттармен жұмыс:**

Оқу жылы барысында КТЖ, ҚМЖ және басқа да қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды талапқа сай рәсімдеуді меңгердім.

БЖБ және ТЖБ жұмыстарын ұйымдастыру, бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бағытында тәжірибемді жетілдірдім.

Сонымен қатар пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын басшылыққа ала отырып, сабақ мақсаттарын дұрыс қоюға және оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар құрастыруға дағдыландым.

3. **Сабақ өткізу және кәсіби өсу:**

Оқу жылы барысында математика пәнінен жоспарға сәйкес сабақтар өткізілді. Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескере отырып, жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлері қолданылды.

Сабақтарда оқушылардың логикалық ойлауын, математикалық сауаттылығын және өздігінен жұмыс жасау қабілетін дамытуға бағытталған тапсырмалар берілді.

Өз тәжірибемде белсенді оқыту әдістерін, қалыптастырушы бағалауды, кері байланысты және заманауи цифрлық құрылдарды тиімді пайдалануға көңіл бөлдім.

Жыл ішінде ашық сабақтарға қатысып, әріптестердің сабақтарын бақылау арқылы сабақ құрылымын тиімді ұйымдастыру, уақытты дұрыс бөлу және оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын үйрендім. Атап

айтқанда, оқу жылының ішінде 15-тен аса ашық сабақ және жай сабақтарға қатыстым. Әріптестердің тиімді әдіс-тәсілдерін өзіме тәжірибе ретінде алмастым.

Өзім 6 «а» сыныбымен «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және мәндес теңдеулер» тақырыбында ашық сабақ өттім. Одан бөлек магнит-мектеп жобасы аясында Б.Соқпақбаев мектебіне барып 7 сыныпқа «Қысқаша көбейту формулалары» тақырында шебер – сынып сабағын өтіп, тәжірибе алмастым. Мектепішілік 6 сыныптар арасында «Математикалық регата» интелектуалды жарыс ұйымдастырып, есептерін құрастырдым. Ашық сабақтарда ерекше назарды бұрған тәсілім ретінде «Тарсия» топтық жұмысты айтсам болады. Бұл ойынның ең тиімді тұстары командадағы бірлікті арттырады, оқушылардың зейінін бұрып, жылдап әрі оперативті ойлауға дағдыландырады.

4. **Зерттеу жұмысы** (Action Research)**:**

Сабақты зерттеу аясында қандай нәтижелерге қол жеткізілді, оқушылардың үлгерімі қалай өзгерді.
Педагогикалық тәжірибені жетілдіру мақсатында Action Research зерттеу жұмыстарына қатысып, тәсілінің ерекшеліктерімен таныстым.

Зерттеу барысында сабақтағы оқушылардың белсенділігіне, тапсырмаларды орындау деңгейіне және оқу нәтижелеріне назар аударылды.

Сабақты талдау нәтижесінде оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру үшін тапсырмаларды оқушы деңгейіне қарай саралау, көрнекіліктер мен практикалық тапсырмаларды көбірек қолдану қажеттілігі анықталды.

Action Research жұмысы өз сабағыма сырт көзбен қарауға, оқушылардың оқу үдерісіндегі әрекетін тереңірек бақылауға және сабақ беру әдістерімді жетілдіруге мүмкіндік берді.

5. **ПББ (ҰОТ) нәтижесі:**

Мектептің Педагогикалық кеңесіне
Педагог-тәлімгерден: Зейнеханова Гульшат, математика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

МІНЕЗДЕМЕ - ҰСЫНЫС ХАТ

Осы мінездеме 2025-2026 оқу жылында «Педагог кәсібіне кіріспе» бағдарламасы аясында тәлімгерлік бекітілген «Шардара» мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі, педагог-тағылымдамашы **Ибадулла Сандуғашқа** берілді.

Ибадулла Сандуғаш бір оқу жылы көлемінде өзін еңбекқор, жауапты және кәсіби дамуға ұмтылатын маман ретінде көрсетті. Оқу жылының басында бекітілген жеке жұмыс жоспарын толық деңгейде орындады.

- **Кәсіби шеберлігі:** Сабақ беру барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды (МЖМБС, КТЖ, ҚМЖ) талапқа сай рәсімдеуді толық меңгерді. Сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыратын заманауи әдіс-тәсілдерді (мысалы, белсенді оқыту, АКТ құралдары) тиімді қолданады.

- **Зерттеу жұмысы:** Мектептегі «Сабақты зерттеу» (Action Research) тобына белсене қатысып, оқушылардың білім сапасын арттыру бағытында Іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) жұмысын жүргізді. Ақпан айында «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер» тақырыбында жоғары деңгейде ашық сабақ өткізді.
- **Тестілеу нәтижесі:** Педагогтердің білімін бағалау (ПББ) тестілеуінен сәтті өтіп, **78%** (шекті деңгейден жоғары) нәтиже көрсетті.
Жас маман мектеп ұжымында беделді, этикалық нормаларды қатаң сақтайды. Кәсіби құзыреттілігі мен практикалық қызметінің қорытындысын ескере отырып, педагог-тағылымдамашы **Ибадулла Сандуғашқа «педагог» біліктілік санатын беруді ұсынамын.**

Педагог-тәлімгер: _____ Зейнеханова Гульшат
«28» наурыз 2026 ж.